

Мағжан Жұмабаевтың туғанына – 120 жыл

**Өлігін құрметтесе,
бабасын қастерлесе,
Халықтың қасиеті бұрынғы
қалпына түседі.
КОНФУЦИЙ.**

Ауылға барған сайын атқа қонып, Әлиман бабамның жұртына соғам. Тағылы тауының тура біте беріс ұштығындағы ескі көң. Ел Әлиманның Ұршаты деседі. Жұрт аузында бай атағы таралты. Жылқысын осы таудың төрін шатқалына қамайды екен. «Ұршат» аты содан қалған. Әжелтөуір биік жер. Төменгі қалатта сызылып, Жаман Сарғыс өзені ағады. Өзеннің арғы бетінде бабамның өзі жатыр. Сонда менің өсіме Мағжан Жұмабаев түседі.

«Ертеде Оқыс, Яқсар – Жейхун, Сейхун, Қазақтар бұл өкеуін дария дейтін. Киелі сол екі су жағасына болмаса, барсаңшы іздеп бабаң бейітін» (Түркістан поэмасы). Өрі қарай көзім бұлдырар, көкірегім сайрай жөнеледі. Жұртта жападан жалғыз тұрғандымын ұмытамын. Қай-қайдағы шер-шеменім қозғат, түсініксіз дірілге душар болам. Бойымды Жұмабаев өлеңдерінің сиқыры билейді.

«Жүрегім, мен зарпымын жаралыға, сұм өмір абақты ғой саналыға. Қызыл тіл қолым емес кісендеулі, сондықтан жаным күйіп жанады да» («Батыр Баян» поэмасы). Жүйке-тамырым босаған үстіне босап, жүрегім қанжылайды. Осы жерде ұлы Абайдың «Ойлы адамға қызық жоқ бұл жалғандасымен» астысып кеткен ақын шумақтарын өсіме түсіріп, (анығында өз түседі) ішімінен қайта-қайта оқимын.

Абайдың ақындық әлемін оның тікелей шәкірті – Шәкәрімнен соң алғашқылардың бірі болып таныған Мағжан. Нанбасаның қараңыз: «ШШн Хакім, сөзің асыл, баға жетпес. Бір сөзің мың жыл жүрсе демі кетпес. Қарадан Хакім болған сендей жаным, өлеміңді құлағынан ені кетпес». Қазақ поэзиясында пайғамбар ақынға ақындық өре биігінен қарап, алғаш өлеңмен берілген тұщымды баға осы болса керек. Бұл өлең 1912 жылы Қазан қаласынан шыққан ақынның «Шолпан» атты тұңғыш жыр жинағында басылып та үлгерді.

Осындай Алаштың арда ақынының туғанына биыл – 120 жыл. Бұл – қазақ поэзиясын Абайдан кейін бір биікке көтеріп тастаған «боздың» тойы. Кемпірбайдың: «Боз шапса, боз озбай ма буырлыдан, мен шапсам, жер танабы қуырылған» дейтін ғой. Мағжан «Мен кім?» өлеңінен бастап, «Түркістаннан» түгендегенде, тұркі бабасының аруағы көтеріліп, Алаш рухына жан бітті. Адамзатты бір кездері Түркілер билеген. Түркі рухы оянғанда, жер танабы қуырылмай қайтсін! Жер танабы түгілі алып аю Ресей үрке қарап, абақтыға жалты ақынды. Ақыры қорыққанынан атып тынды. «Тәңірің табанына таттап, түнерген» (Мағжан) ел тұлпар туғанының дүбірине төптен бер алмасын білді. Бәрібір асақ рухын жеңе алмады. Сол Мағжанның 120 жылдық тойы билік қазақ топтарында қалай атап өтілер екен? «Жер танабын қуырған» өзінің жырларында өкілмен кіруі шарт мәнінше. Бұл жыл – қазақ әдебиетінде Мағжан жылы болуы тиіс. Біздің күллі ақпарат құралдарымыз Мағжан тілімен әспеттелетін. Өрқайсысымыз ақын жырлағанымен көз іліп, сонымен оянарға керек. Ұлт мұрасын дәріптейтін мұндай мереке Республика деңгейінде тойлана берсе, елдімізге сын.

Мағжанды білмеген қазақ – дүбәрә.

Біздің ұлттық рухымыз әлсіреп, еңсеміз еңкіш тартып жүрсе, осы Жұмабаевты оқымағандығымыздың кесірі. Көпшілік жерлерде, қоғамдық орындарда, тіпті, автобустарда «Арыстаным, айбатыма кім шыдар? Жолбарысып, маған жәр-сы кім тұрар? Көкте – бұлт, жерде жел-мін гүлеген, Жер еркесі – желдің жөнін кім сұрар?» іспетті ақын жырлары Құрманғазы, Тәттімбет, Дәулеткерей күйлерінің сүйемелімен оқылып жатса, бүгінгі ұрпақ қандай болар еді? Және ол туындылар электронды нұсқада дискілерге көшіріліп, елге таратылса. Ендігі ұлыс ұлан-асыр ұлтының рухына аунап-мұнап, Тәңірінің алғысына бөленер еді.

Біз Мағжан мұраларын толық танып, әлі жете зерттеген жоқтыз. Көзі ашық, оқпаған көпші өз оның тереңіне сүңгіп, тұңғығына бата алмай жүр. Мағжан мұраларын бүлдіршіңдер насасына әу бастан сіңірсең, ұлттық сипатымыз көтеріңкі оқушыларның әдебиет сабағына қосымша Мағжантану сағаты жүрсе, артық-кемі жоқ. Өйткені,

«Болмаса, дарсаншы ізден бабаң бейітің»


**Жәнібек ӘЛИМАН,
«Орталық Қазақстан»**

жыраулардан кейін нағыз ұлттық рухпен сугарылған поэзия Жұмабаевта жатыр. Оны көкірегі ояу жұрт менен де жақсы біледі.

Тәуелсіздікпен таласа туған біз – бақытты ұрпақтық. Өйткені, елге құмар-тқан бір-ен-саранымыз мектеп қарыбасынан бері Мағжан жырларымен сусындал өстік. Қазақ ұлты, оның рух-нанимын деген жаңа бұдан асақан қандай бақыт болсын?! Ал, тоталитаризм шеңгеліндегі ұрпақ Абай мен Қасым арасындағы нағыз жалындал тұрған ұлттық рухтан аластатылды. Сөйтсе де, «Алмас қылыш қын түбінде хатпады». Жарқ етті де, жарып шықты. Оны өлем таныған Үезов елден бұрын біліп, өзіл бағасын берді: «Әдебиет – әдебиет үшің» деген таңба айқын болмай, нәрлі әдебиет болуға жол жоқ. Сондықтан, бүгінгі күннің бар жазушысының ішінен



Мағжанның ғана аузына салды. Өйтпесе, сонау Сасықкөлде туып, оны жырлай жүріп, Жейхундария мен Сейхундарияны өлеңге арқау етіп тұрған тегін емес. Түптіңүкінен бастап, Түркіден қайырып, төтесінен



келешекке бой ұрып, артық күнге анық қалауға жарайтын сөз – Мағжанның сөзі. Одан басқамыздың берімсіздігі күмәнді, өте сенімсіз деп білеміз.

Түркі тақырыбына қазақ ақындары арасынан тұңғыш қалам тартқан Мағжай болатын. «Соңыр сорлы, қайғыланба, шекте зар, мен – Күн ұлы, кезімде Күн нұры бар. Мен келемін, мен келемін мен көлем, Күннен туған, Ғұннан туған пайғамбар» (Пайғамбар). Т.Әлиот: «Поэзия – қаннның сияға айналуы» десе, мұндай поэзиясы бар ел бақытты. Бізге ендігі уақытта осы құндылықтарды ұрпақ бойына дарыту ғана қалды. Сонда ғана жаһандану дейтін жалмауыздар мен дарбауыздардан дің аман, сау қаламыз.

Осы «Пайғамбар» өлеңінің басын: «Күн батысты қараңғылық қатпаған, күні батып, жаңа таңа атпаған. Түнеріп жүр түннен туған перілер, Тәңірінің төбөсіне таптаған» деп бастайды. Сөйтсе де, бастынан кірген патша түнегің Күн нұры мен тілгеліңіңнің әмеурін етуді. Мұндай мысты басар шумақты сол кезде Құдай

Алашқа түседі: «Бұл Тұран – ежелден-ақ Алаш жері, Тұрансыз тарқамаған Алаш шөрі. Тұранның топырағында тыныштық тапқан Алаштың арыстаны – Абылай ері». Сондықтан, аруақты бабасы жатқан қасиетті жерді тастап кете алмайтын айтып, көуірге көрін көрсетеді.

«Ұзын Орал – күн мен түн шекарасы, Бір жағы – күн, бір жағы – түн баласы. Ары жағы – көк көзді жың ұясы, бергі жағы – Түріктің сар даласы» деп кесіледі бірде. Отаршыл орыстың озбырлығы мен обырлығын бетіне басып, шыңдықтан аспаған қапқы ғой бұл. Бұдан басқа амалы да жоқ-ты... Ақын «Жүсіп Хан» поэмасында Кеңес үкіметін аяусыз ажуалайды. Иран ертегісі желімен берілген шығарманы оқығанызы, атында тұрғандай, Жүсіп, яғни, Иосиф Виссарионович Сталиннің бейнесі бедерленіп шыға келеді. Мен бұл шығарманың жойылғып кетпей, кеңестік цензурадан қалай өткеніне таныым бар. «Бастады Жүкен бір істі: Ел билеуге кірісті. Жақтап жарлы, жал-

шыны. Сыпырғандай тезекті, өңеш залым, кезептен, еңбекші елді аршыды. Жарлықты Жүкен жаудырды, үзбезді жер аудырды. Қазының басын алдырды. Машайғын, молдасын, қойқаңдаған қолбасын, абақтыға салдырды». Ойды астарлап тек Тәңірі осындай-ақ болар. Ал, қазіргі кейбір ақындар ше? Астарлы айтамын деп басқа планетадан «шеп шағып, елге етеді». Сөйтіп жүріп, ақыр аяғында шатысып, ел тыншын өз білімге өте шығады. Өрі беріден соң, өлең жазудың техникасын батыс бізден үйренген. Біз атқа мініп, қайым айтысып жүргенде, олар жазу-жалпылы өкі сөздің басын құрай алмаған. Аппыс атқы жыл бойы тек Батыс Еуропаның ауасымнан демалып, тек Батыс қазынасынан сусындаған Гетенің өзі, жасы жетпекке тақпаған көмел шығында: «Рудакис, Фирдоусис, Низамис, Сағдис, Хафиз, Хайям, Руми, Физулис, Науаис, содан кейін мен» деп шығыс әдебиеті ғұламаларын өзіне ұстаз тұтып, оларға ағарған басын иді. Батыс әулине тұтқан Гете бұлай дегенде, басқасына не сор? Онымен қоймай, олардың батпақ-шаптығын шаңқар көріп, соған еліктеп өлең жазып жүрген тамырсыздарды қайтерсің?! Ал, осы шығыс өлемін Мағжандай жырлаған кімің бар? Ұлттың ұлы болу үшін ең әуелі Мағжан сияқты ұлтшыл болған жөн. Ол ұлттық рухтың иісі ақып тұрған Жұмабаев жырларын оқу керек және кейінгілерге оқыта беру шарт.

Өбден өзбрі откен өкілетсіздікке төзбеген ақын: «Өткен күн таңтамаша ертегі ғой, ерлері ертегінің өрт еді ғой. Айрылып от өкілді ерлерінен. Алаштың жанында ауыр дерт еді ғой. Сонау дерт түгелімен ауып маған, Дарига, жүрегімді ертеді ғой», деп бір кездері айдаһарды ат қыл мініп, жыланды қамшы өтіп ірген түркі дүрөнінің айдай анық шыңдығын іздейді. Осы шумақтардың берінде «Не көрсем де Алаш үшін көргенім, Маған атак – ұлтым үшін өлгенім» дейтін ұлттың сүйген жүректің ұлы қағысы жатыр.

Басқасын былай қойғанда, Мағжанның махаббат лирикасы неге тұрады? Оқыған сайын өсің көтіп, құныға түсісің. Дәл өзінің сулулыққа құмалтқаны сынды, жырларына сүйсіне бересің. Құдды таңдайыңда уылып, төтті дәмі қалғанда: «Сүй жан сәулеме, тағы да сүй, тағы да, жылы, төтті у тарады қаныма. Бұл лоззаттың бір минутын бермеймін, патша тағы, бүкіл дүние малыңа».

Осындай поэзиясы бар ұлтты кемсітіп, «модернист» төмен, әдебиеті жоқ деген Кеңес үкіметіне қалай лағыттай айтайсың. Кешелі Әлихан, Мағжан, Міржақыптар атылып кетпегенде, бүгін қандай ел болар едік. Еуропа елдерінен асып кетпектесе те, тереземіз төнесері көдік-ті. Сулулыққа құмартып, оған сүйсініп, тілімен жеткізе білу де ұлылық. Ал, ақыл-ойы озат ел оған қарсы оқ атпаса керек еді. «Келші, көзім, күн нұрына көмейін, сүйші – өлейін, «неге өлейін?» демеің. Жет, жұлдызым, жылқың қана жібейткі, жылдызы – жүзің, айды алқа ғып берейің!». Ойел тақырыбын бұлай жырлағандар ілу де шалу қазақ поэзиясында. «Бота кез, сиқырлы сөз, ханым Ғүлсім, аспанда күн күлмесің, Ғүлсе күлсін! Ғүлсім – Күн, нөкте ақырын жүзсе білесің – сүйдіргені, құйдіргені қайдан білсін!».

Мағжан жырдың ұйғым сөзбепілі. Басында тереңіне тартып, соңынан дертті етерін қайдан білейің?! Болмаса, бабаң бейітін іздеп барар ма едім?..

ҚАРАҒАНДЫ.